

Бәйдібек ауданының Боралдай ауылдық округі аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімінің 2017 жылғы 9 қарашадағы № 17 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 қарашада № 4271 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 02 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімінің 22.01.2018 № 02 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сынаптамасын белгілеу туралы" қаулысына және Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2017 жылғы 25 қыркүйектегі № 2 хаттамасы негізінде, Бәйдібек ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Бәйдібек ауданының Боралдай ауыл округі аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. "Бәйдібек ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Бәйдібек ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы шешімді Бәйдібек ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК